

Funded
by the European Union



EUROPEAN UNION

COUNCIL OF EUROPE



CONSEIL DE L'EUROPE

Implemented
by the Council of Europe

«Қазақстан сот жүйесінің сапасын және тиімділігін жақсартуда қазақстандық билікті қолдау»
Еуропалық Одақ және Еуропа Кеңесінің бірлескен бағдарламасы

ПРЕСС-РЕЛИЗ

16 қазан 2015 жыл

Қазақстанның сот жүйесін қолдау жөніндегі Еуропалық Одақ және Еуропа Кеңесінің бірлескен бағдарламасы жоба нәтижелерін талқылауда

АСТАНА – «Қазақстан сот жүйесінің сапасын және тиімділігін жақсартуда қазақстандық билікті қолдау» Еуропалық Одақ және Еуропа Кеңесінің бірлескен бағдарламасы жобасының Басқарушы комитетінің екінші кездесуі 2015 жылғы 16 қазанда өтеді.

Кездесудің негізгі мақсаты жобаны іске асырудың бірінші кезеңі, яғни 2014 жылғы 24 шілдеден 2015 жылғы 25 шілдеге дейінгі кезеңде және келесі 12 айға іс-шаралар жұмыс жоспары барысында қол жеткізілген нәтижені мемлекеттік органдармен талқылау болып табылады. Іс-шараның ашылуына Қазақстандағы ЕО Өкілдігі Жобалар бөлімінің Басшысы Жан-Луи Лаврофф мырза және Еуропа Одағы, Адам құқығы және құқық үстемдігі Бас директорының Құқықтық және заң мәселелері жөніндегі ынтымақтастық департаменті Сот төрелігі саласын реформалаудың 1- құрылымының Басшысы Лилит Данегян-Босслер ханым қатысады.

Бірлескен бағдарлама Қазақстанның қылмыстық сот өндірісі мен ұйымдастырушылық тәжірибесінің құрылымын еуропалық және халықаралық стандарттары мен ел билігінің сот өндірісі жүйесін жақсарту әрекетін қолдау жолындағы әдістеріне сәйкестендіруге бағытталған. Бірлескен бағдарламаның мақсаттарына нормативтік-құқықтық базасын және негізгі мүдделі тараптардың институционалдық әлеуетін әзірлеу және жақсартуда және Қазақстандағы қылмыстық сот өндірісі мен адам құқығын қорғау жүйесі үшін тән жүйелі және/немесе құрылымдық мәселелерді шешудің заңды көмегі жолымен қол жеткізіледі. Соттар, прокурорлар, тергеушілер, қорғау адвокаттарының, арыздарды қарау бойынша ұйымдарының, Ұлттық превентивтік тетіктері мен қылмыстық сот өндірісі жүйесінің қалған қатысушыларының, олардың институционалдық дамуларына қолғабыс ету және адам құқығы саласындағы стандарттарына сәйкес функцияларын орындауды қамтамасыз ету үшін әлеуетін дамыту бойынша шаралар жүргізілетін болады.

Бірлескен бағдарламаның ұлттық серіктестері арасында Бас прокуратура, Жоғарғы сот, Адам құқықтары жөніндегі өкіл мен Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық, Ұлттық превентивтік тетік, Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Сот төрелігі институты, Адвокаттардың республикалық қоғамдастығы және басқалары.

Жоба Еуропалық Одақпен қаржыландырылады және бюджеті 1,666,413 еуро құрайды.

Уақыты және күні: 16 қазан 2015 жыл, сағ. 10.00 – 12.10.

Орны: Park Inn Radisson, Сарыарқа даңғылы 8/4, Астана, Қазақстан

Қосымша ақпарат үшін Жоба менеджері **Мариана Кикуге**, тел. +33 390215011, e-mail: mariana.chicu@coe.int, немесе Қазақстандағы ЕО Өкілдігінің Баспасөз хатшысы **Қарлығаш Жаманқұловаға** тел.: +7(7172)971148, e-mail karlygash.jamankulova@eeas.europa.eu хабарласуыңызды өтінеміз.